

2011 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркі ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIV сессиясының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 380 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 870 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 492 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXX сессиясының 2011.12.07 № 492 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексінің 510 бабы 2 тармағына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ Е Т Т І :

1. 2011 жылға арналған «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркі ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. 2010 жылға арналған «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркі Мемлекеттік мекемесінің ерекше қорғалатын аумағын пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы» IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXIII сессиясының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 263 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2009 жылғы 25 желтоқсанда № 832 болып тіркелген, «Алматы ақшамы» газетінде 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 және «Вечерний Алматы» газетінде 2009 жылғы 29 желтоқсанда № 158 сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экология, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (С.М.Қалақов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасарына Е . Ш о р м а н о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы шешім 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXXIV сессиясының*

төрағасы

О. Печеник

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

*I V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы
X X X I V с е с с и я с ы н ы ң
2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 380
шешіміне қосымша*

**2011 жылға арналған «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи
паркі ерекше қорғалатын табиғи аумақты (ЕҚТА)
пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары**

№ р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Төлем ставкасы
1	Туристік және рекреациялық мақсаттарда:		
	Жеңіл автокөлік	теңге / автомашина	300
	Жүк автокөлігі және автобустар	теңге / автомашина	300
	Автобус бағытының түсімдері	теңге/жыл	16000
	ЕҚТП аумағында жұмыс істейтін көлік иелерінің автокөлігі	теңге/жыл	16000
	Ғылыми мақсаттарда (ғылыми зерттеулер өткізу)	адам/күн	120

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXXIV сессиясының
төрағасы О. Печеник*

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*